

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 352 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 27 қазан N 1275 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 24 Қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 24 Қаулысымен.

Сақтандыру заңдарын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 V001080_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдары үшін осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмейтін сақтандыру куәліктерінің (полистерінің, сертификаттарының) бланкілерін ауыстырудың мынадай мерзімі белгіленсін:

1) міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру куәліктерін (полистерін, сертификаттарын) ауыстыру - 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін;

2) ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру куәліктерін (полистерін, сертификаттарын) ауыстыру - 2000 жылдың 31 желтоқсанына дейін."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысымен бекітілген Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

3. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысымен бекітілген Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а р а с т ы р с ы н .

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру ұ й ы м д а р ы н а ж і б е р с і н .

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық банкі басқармасы
2000 жылғы 22 қыркүйектегі
N 352 қаулысымен
бекітілген

Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын)
ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 15 ақпандағы N 33 қаулысымен бекітілген Сақтандыру куәлігін (полисін, сертификатын) ресімдеу жөніндегі нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1. кіріспедегі "куәлігін (полисін, сертификатын)" деген сөздерден кейін "және

оның сырт жағын" деген сөздермен толықтырылсын;

2. 3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: "Егер міндетті сақтандыру түрлері бойынша нормативтік құқықтық актілерде басқаша белгіленбеген болса, тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің сипаттамасы куәліктің (полистің, сертификаттың) сырт жағына міндетті түрде жазылуға тиіс немесе оған қоса берілуге тиіс.";

3 . 5 - т а р м а қ т ы ң :

1) екінші бөлігіндегі "(су тамғы белгісі бар қағаз, көрінбейтін

элемент және гильешті жиегі)" деген сөздер алынып тасталсын;

2) үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер міндетті сақтандыру түрінде сақтандыру талонын беру көзделген болса, онда сақтандыру талондарын құнды қағаздар бланктерін шығаруға лицензиясы бар заңды тұлғалар жасауға және кем дегенде екі деңгейде қорғалуға тиіс. Сонымен қатар сақтандыру талонының бланкіне мынадай жазбалар жасалуға тиіс: "Сақтандыру талоны _____ жылғы _____ N сақтандыру куәлігіне (полисіне, сертификатына) берілген.".

Ұлттық Банк

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Багарова Ж.А.